

Көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдауды айқындау туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 2013 жылғы 28 ақпандағы N 2/13 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 14 наурызда N 3482 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 2014 жылғы 29 қыркүйектегі N 16/40 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 29.09.2014 N 16/40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 7-бабы 3-тармағы 4) -тармақшасына және 18-бабының 8-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15)-тармақшасына, Қазақстан Республикасы "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы N 183 Қаулысының 2-тармағына сәйкес, Май аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Май ауданының елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына республикалық бюджеттің ағымдағы нысаналы трансферттері есебінен жетпіс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көтерме жәрдемақы айқындалсын.

2. Май ауданының елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұру үшін келген денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына республикалық бюджеттің бюджет кредиттері есебінен бір мың бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бюджеттік несие берілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау мен қадағалау аудандық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Аудандық мәслихатының хатшысы

Қ. Кәрімов
Ғ. Арынов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК